

ШЫҰ САММИТИ: ЖАҒАНДЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН БЕЙБІТ ДАМУҒА СЕРПІН БЕРЕ АЛА МА?

2025 жылғы 31 тамыз – 1 қыркүйек аралығында Қытайдың Тяньцзинь қаласында Шанхай ынтымақтастық ұйымының (ШҰҰ) кезекті саммиті, сондай-ақ 3 қыркүйекке дейін оның аясында бірқатар атаулы шаралар өтті. Бұл саммит ұйым тарихындағы ең ірі және ауқымды жиындардың бірі болды. Оған 10 мүше мемлекет пен 20-дан астам елдің көшбасшылары, БҰҰ, АӨСШҚ, ЕАЭО секілді бірнеше халықаралық ұйымдардың жетекшілері қатысты.



Фото: akorda.kz

БӨРЕКЕЛДІ!

«БІР АУЫЛ - БІР ӨНІМ» ЖОБАСЫНЫҢ ФИНАЛИСТЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

Ақмола облысы кәсіпкерлер палатасының алаңында бренд-комитеттің отырысы өтті. Оның барысында «Бір ауыл – бір өнім» жобасы өңірлік кезеңінің финалистері анықталды.

Шілде айында Көкшетауда «Бір ауыл – бір өнім» көрмесі өткен болатын. Оның қорытындысы бойынша он үздік жоба іріктеліп алынды. Аталған жоба иелері жартылай финалға өтіп, өз өнімдерін бренд-комитет мүшелеріне таныстыру құқығына ие болды.

Айта кетейік, бұл жоба өңірде бірегей өнім іздеуге, жергілікті тауарлар мен қызметтер өндірісін дамытуға, жергілікті шикізатты пайдаланатын өндірушілер бірлестіктерін құруға бағытталған. Идея – кәсіпкерлерге өз тауарларын ұсынуға мүмкіндік беру ғана емес, сонымен қатар оны жергілікті брендтің қайнар көзіне айналдыру арқылы өнімнің өзіндік ерекшелігін көрсету.

Қазір нан-тоқаш және ет-сүт өнімдері, сабын өнімдері, жартылай дайын өнімдер, кәдесыйлар, қолөнер және тоқыма бұйымдары, сондай-ақ басқа да ерекше әзірлемелер ұсынылды.

2

ЖАҢА АВТОБУСТАР ЖОЛҒА ШЫҒАДЫ



Фото: akorda.kz

Қосшы қаласының тұрғындары үшін күнделікті тұрмыста жүгінетін маңызды мәселелердің бірі – қоғамдық көліктің қолжетімділігі мен сапасы. Соңғы жылдары қала халқының көбеюіне байланысты бұл тақырып жиі көтеріліп келген еді. Енді, міне, көпшілік күткен жаңалық орын алды: қала әкімі Азамат Қапышев пен қалалық мәслихат депутаттарының қатысуымен жолаушы тасымалдаушы «Қазына Трест» ЖШС ұсынған жаңа автобустар таныстырылды.

2

ҚОСШЫДАҒЫ ҚОС ШАРА: ТІЛ МӘРТЕБЕСІН АСҚАҚТАТҚАН КҮН

5 қыркүйек – Қазақстан халқының тілдері күні мерекесі аясында еліміздегі дәстүрлі жалпықазақстандық ашық диктант Қосшы қаласында да жалғасын тапты. Қоғамдық мәдени спорт кешенінің дәріс залында өткен шараға қаланың өзінен және Тайтөбе ауылынан 53 тұрғын ерікті түрде келіп қатысты.

Айта кетсек, бұл бастама биыл Үкімет бекіткен Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі «Бірлік пен келісімнің 30 жылы» атты іс-шаралар жоспары негізінде іске асып отыр.



Фото: автор/ai

4

ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК СЕРТИФИКАТЫ ЦИФРЛАНДЫРУҒА ЕНГІЗІЛДІ

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаменті мемлекеттік қызметтерді көрсету саласында әкімшілік рәсімдерді оңтайландыру және мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылту мақсатында жүйелі талдау жүргізуде.

Көлік саласында жүргізілген талдау барысында «Теміржол көлігі саласында қауіпсіздік сертификатын беру» атты жасырын қызмет анықталды.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңға сәйкес, жасырын мемлекеттік көрсетілетін қызмет – мемлекеттік көрсетілетін қызметтің өлшемшарттарына сай келетін, бірақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне енгізілмеген мемлекеттік функция. Мұндай функцияның мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қатарына енгізілмеуі қызмет алушылардың құқығын қорғауда, осы рәсімнің кейін дамуына, цифрландырылуына, жетілдірілуіне, барынша ашық болуына едәуір кедергі келтіреді.

Теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларына сәйкес мүдделі кәсіпкерлік субъектілері уәкілетті органға қағаз жүзінде өтініш пен құжаттар тізбегін тапсырып, қауіпсіздікті басқару жүйесінің аудитін өткеннен кейін нәтижесін күткен.

4

ШЫҰ САММИТІ:

ЖАҒАНДЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН
БЕЙБІТ ДАМУҒА СЕРПІН БЕРЕ АЛА МА?

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

(Басы 1-бетте)

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысында саммитті жоғары деңгейде ұйымдастырғаны және тарихы бай Тяньцзинь қаласында жылы қарсы алғаны үшін ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинге ризашылық білдірді.

Мемлекет басшысы халықаралық ахуал, өңірлік қауіпсіздік, экономикалық ықпалдастық және технологиялық даму мәселелеріне ерекше назар аударды. Бұл баяндама Қазақстанның ШЫҰ шеңберіндегі стратегиялық ұстанымдарын, халықаралық саясаттағы бағыттарын және көпжақты ынтымақтастыққа бейілділігін айқын көрсетті.

Тоқаев ШЫҰ-ның әлемдік аренада маңызын арттырғанын атап өтіп, ұйымның негізгі қағидаттарын – мемлекеттердің ішкі ісіне араласпау, тең құқықтық, әділ сауда және инвестициялық ынтымақтастық принциптерін Қазақстан толығымен қолдайтынын жеткізді. Оның айтуынша, ұйымның негізгі міндеті – жаңа технологиялық дәуір жағдайында халықтардың қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз ету.

Президент терроризм, экстремизм және сепаратизм сынды «үш зұлымдықпен» күресті өзекті мәселе деп таныды. Осы бағытта ШЫҰ

аясында төрт қауіпсіздік орталығын құру бастамасына қолдау білдіріп, бұл қадамның аймақтық тұрақтылыққа қосатын үлесін ерекше атады.

Тоқаев Ауғанстан мәселесіне де тоқталып, бұл елге гуманитарлық және техникалық көмек көрсетудің маңызын атап өтті. Қазақстан осы елде бірқатар инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға кіріскенін жеткізді және бұл өңірлік тұрақтылық пен ШЫҰ елдерінің экономикалық интеграциясын арттырудың құралына айналуы тиіс екенін айтты. Алматыда БҰҰ Бас хатшысының қатысуымен ашылған өңірлік даму орталығы осы үдерістерге серпін беруі мүмкін.

Цифрландыру мен жасанды интеллект тақырыбы да назардан тыс қалмады. Президент 2033 жылға қарай ЖИ нарығының көлемі 5 триллион долларға жететінін айта келе, бұл салада ШЫҰ көшбасшы бола алатынын жеткізді. Қазақстан Қытайдың ЖИ бойынша жаһандық ұйым құру бастамасын қолдайды және Астанада Digital Bridge аясында ШЫҰ-ның ЖИ жөніндегі сарапшылар форумын өткізуге дайын екенін мәлімдеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөз соңында ШЫҰ-ға алдағы төрағалықты қабылдайтын Қырғызстан Президенті Садыр Жапаровқа сәттілік тіледі.

ЖОЛАУШЫЛАР ҚАТЫНАСЫ

ЖАҢА АВТОБУСТАР ЖОЛҒА ШЫҒАДЫ

(Басы 1-бетте)

Қала көшелеріне шыққан GAZELLE NEXT 2025 маркалы автобустар бұрынғы көліктерге қарағанда сыйымдылығы мен жайлылығы жағынан әлдеқайда ыңғайлы. Әр автобуста 16 отыратын және 5 тұратын орын бар. Бұрын қала бойынша небәрі үш автобус қатынап, тұрғындардың көпшілігіне қолайсыздық туғызатын. Енді автобустардың саны бесеуге жетіп, қозғалыс жиілігі екі есе қысқарды. Егер бұрын көлік 30 минут сайын келсе, қазір аралық 15 минутқа дейін төмендеді. Бұл өзгеріс тұрғындардың уақытын үнемдеуге және күнделікті сапарларын ыңғайлы етуге айтарлықтай ықпал етпек.

Жаңартылған автобустар тек көбеюімен ғана емес, заманауи технологияларымен де ерекшеленеді. Автобустарда елордамен бірыңғай AUTOBUS төлем жүйесі енгізілген. Бұл тұрғындардың қалааралық қатынас кезінде де бір карта арқылы төлем жасауына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, кез келген банк картасымен төлеу, QR-терминалдар арқылы қолма-қолсыз төлем жасау мүмкіндігі қарастырылған. Бұған қоса, автобустар GPS-навигация жүйесімен жабдықталып, тұрғындар көліктің нақты қай жерде келе жатқанын мобильді қосымша арқылы бақылай алады.

Өз тілшімізден

ЕҢБЕК АДАМЫ

АУЫЗСУ САЛАСЫНЫҢ БІЛІКТІ МАМАНЫ



Фото: автордыкі

2025 жыл – Қазақстанда «Жұмысшылар жылы». Бұл бастаманың мәні зор. Өйткені елдің өркендеуі, қаланың дамуы, халықтың әл-ауқаты – бәрі де адал еңбектің арқасы. Осы тұрғыдан алғанда қарапайым еңбек адамының бейнесі, олардың өмір жолы мен маңдай тері – қоғам үшін ең қымбат құндылықтардың бірі.

Қосшы қаласында елдің алғысына бөленген осындай жанның бірі – «Қосшы су» мекемесінде бөлім басшысы Әзімхан Қаниұлы Жорабеков.

Әзімхан аға 1962 жылы 2 қыркүйекте Қызылорда облысында дүниеге келген. Еңбек жолын 1998 жылы инженер-механик болып бастап, өмір бойы кәсібилігі мен тәжірибесін шыңдап отырды. 2008 жылы Қосшыға қоныс аударып, ауылдың, кейін қаланың өміріне белсене араласып кетті.

2022 жылы «Қосшы су» мекемесіне қойма меңгерушісі болып жұмысқа орналасқан ол аз уақыт ішінде өз біліктілігімен көзге түсіп, бүгінде бас механик лауазымында еңбек етуде. Қаладағы су жүйесінің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету, техникалық мәселелерді шешу – оның басты міндеті. Міне, осы

БӘРЕКЕЛДІ!

«БІР АУЫЛ - БІР ӨНІМ»
ЖОБАСЫНЫҢ ФИНАЛИСТЕРІ
АНЫҚТАЛДЫ

(Басы 1-бетте)

Әр бағыт өңірлік кәсіпкерліктің ерекшелігі мен алуан түрлілігін көрсетті. Бренд-комитеттің құрамына Өңірлік кәсіпкерлер палатасы, мемлекеттік органдар, жұртшылық пен бизнес-қоғамдастықтың өкілдері кірді. Мұқият қарау қорытындысы бойынша комиссия үш финалисті анықтады.

Қосшы қаласынан келген Әлия Қалиасқарова – қазақ қолданбалы өнерінің дәстүрлерін ұқыпты сақтап, дамытып жүрген шебер. Ол киізден сырмақтар мен текеметтерден бұйымдар жасап, оларды заманауи өнер туындыларына айналдырады. Әлияның еңбектері Қазақстаннан тыс жерлер – АҚШ-та, Данияда және Францияда танылып, ұлттық мұраны халықаралық дәрежеде танымал етуге ықпал етеді.

Бұрабай ауданы Қатаркөл ауылының тұрғыны Руслан Соколов – «Сыроварня Соколовых» негізін қалаушы. Ол өз өндірісін 2018 жылы бастады және бүгінде ол хоббиі толыққанды отбасылық бизнеске айналған. Ірімшік зауытының ассортиментіне 15-ке жуық өнім бар түрлі қатты ірімшіктер кіреді. Өндіріске шикізатты жергілікті фермерлер жеткізеді. Одан бөлек, кәсіпкердің өзінде жеке ешкі отары бар, бұл өнімнің жоғары сапасы мен тұрақтылығын сақтауға мүмкіндік береді.

«Біз табиғи ірімшік өндірумен айналысамыз және бұл – біз үшін бизнес қана емес, бүкіл отбасының кәсібі. Бізге «Атамекен» және мемлекет қолдайтын осындай байқауларға қатысуға мүмкіндік бергеніне өте қуа-

ныштымын. Жеңіс алға жылжуға, өндірісті кеңейтуге және жаңа белестерді бағындыруға ынталандырады», – деп атап өтті Руслан Соколов.

Целиноград ауданы Қараөткел ауылынан Бауыржан Жалғасбаев – «Бір ауыл – бір өнім» жобасының тұрақты қатысушысы. Ол қуырылған тары жармасы, сары май, қант және балдан жасалған дәстүрлі қазақ тағамы – жент өндірісімен танымал. Әрбір қазақстандыққа бала кезінен таныс осынау тәтті өнім бүгінде кәсіпкердің визит карточкасына айналып, шынайы ұлттық тағамдардың нышаны ретінде сипатталады.

Енді өңірлік кезеңнің финалистері Ақмола облысының атынан республикалық «Бір ауыл – бір өнім» көрмесіне қатысады. Жобаға қатысушылардың 5 миллион теңгеге дейінгі көлемде грант алу мүмкіндігі бар. Жалпы, бұл жоба кәсіпкерлік дағдыларды дамытуға, жергілікті бизнесті қолдауға және мәдениетіміздің өзіндік ерекшелігі мен байлығын көрсететін өнімдерді ілгерілетуге бағытталған.

«Бірауыл–бірөнім» жобасы бизнеске заманауи тәсілдермен қарайтын, тың шешімдерді талап ететін алаңға айналды. Осы арқылы жергілікті тұрғындардың бірегей идеялары кең нарыққа шығып, Қазақстанда ғана емес, одан тыс жерлерде де танылуға мүмкіндік туды.

Қуаныш Темірханұлы,
Қосшы қалалық Кәсіпкерлер палатасы
филиалының директоры

Шолпан Санақбайқызы



Бетті дайындаған:
Дәулет Асау, Бас редактор
+77074975733
t.me/Dauletkali Asaurov
bi_barys01@mail.ru

СҰХБАТ

Жұқпалы аурулардың белең алуы, қоғамдағы вакцинацияға деген түрлі көзқарастар, әлеуметтік желілердегі жалған ақпараттардың көбеюі – бүгінде денсаулық сақтау саласындағы ең өзекті мәселелердің біріне айналды. Осындай жағдайда тұрғындар арасында сенімді ақпарат тарату, екпенің маңызын ғылыми әрі түсінікті тілде жеткізу – медицина мамандарының басты міндеттерінің бірі. Күзгі тұмау маусымына қандай дайындықтар жүргізіліп жатыр? Халық арасында таралып жатқан екпеге қарсы жалған пікірлердің алдын алу үшін қандай шаралар қабылдануда? Осы және өзге де маңызды сауалдар төңірегінде біз Қосшы қаласы №1 қалалық емханасының бас дәрігерінің м.а. Дәурен Сибанбаевпен сұхбаттасқан едік.

– Дәурен Айтмұрзаұлы, қазіргі қоғамда вакцинацияның рөлі қандай? Оның маңыздылығы туралы айтып өтсеңіз.

– Қоғамдық денсаулықты нығайтудың ең маңызды құралдарының бірі – вакцинация. Жұқпалы аурулардың алдын алуға бағытталған профилактикалық шара қазіргі заманғы медицинаның

– Өңірдегі эпидемиологиялық жағдайға тоқталып өтсеңіз.

– Ақмола облысында вакцинамен басқарылатын жұқпалы аурулар бойынша эпидемиологиялық ахуал жүйелі бақылауда. Санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің деректеріне сүйенсек, шілде айынан бері қызылша мен көкжөтелге шалдығу деңгейі төмендей

– Күзгі мезгілде тұмау мен ЖР-ВИ-дің белең алатыны белгілі. Алдын алу бағытында қандай шаралар қарастырылған?

– Жыл сайын қазан айынан бастап өткір респираторлық вирустық инфекциялар мен тұмаудың таралу қаупі артады. Осыған байланысты халықтың денсаулығын қорғау мақсатында Ақмола облысында 15



Жолақовтың

Дәурен СИБАНБАЕВ: ХАЛЫҚТЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ – ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ ТІРЕГІ

ең ірі жетістіктерінің бірі болып есептеледі. Вакцина адам ағзасында белгілі бір инфекцияларға қарсы қорғаныс қабілетін қалыптастырып, дерттің алдын алуға көмектеседі. Денсаулық сақтау саласындағы жетекші халықаралық ұйымдар да вакцинаның тиімділігін дәлелдеп отыр.

Көптеген жұқпалы аурулар тарихта миллиондаған адамның өмірін жалмаған. Мәселен, шешек, полиомиелит, көкжөтел, қызылша секілді инфекциялар халық арасында кең таралған болатын. Қазіргі уақытта мұндай індеттер жаппай вакцинация жүргізудің арқасында айтарлықтай төмендеді. Қазақстанда да әр жастағы азаматтарға арналған жоспарлы екпе кестесі енгізілген, ол ғылыми

бастаған. Соған қарамастан, жылдың алғашқы сегіз айында зертханалық тұрғыда нақтыланған 226 қызылша және 7 көкжөтел жағдайы тіркелген. Аталған сандар тұрғындардың санитарлық сауаттылығын арттыру мен алдын алу шараларын күшейту қажеттігін көрсетеді.

Ауруға шалдыққандардың басым көпшілігі – 14 жасқа дейінгі балалар. Әсіресе бір жасқа толмаған сәбилер арасында аурушаңдық жиілігі жоғары. Имундық жүйе толық қалыптаспаған кезеңде бала ағзасы жұқпалы инфекцияларға өте осал келеді. Жүргізілген талдаулар көрсеткендей, науқастардың шамамен 90 пайызы екпе алмаған балалар болған. Уақытылы вакцина салынбауы – дерттің таралуына тікелей ықпал ететін негізгі фак-

қыркүйектен бастап тұмауға қарсы вакцинация науқаны басталады. Бұл алдын алу шарасы маусымдық аурулардың асқинуын төмендету және ауруханаға жатқызу жағдайларын азайтуға бағытталған.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының тапсырысы бойынша 2025-2026 жылғы эпидемиологиялық маусымға арналған 78 мың доза вакцина сатып алынады. Ресейде өндірілген «Гриппол Плюс» вакцинасы бірнеше жыл бойы қолданылып келеді. Препарат өзінің тиімділігі мен қауіпсіздігін іс жүзінде дәлелдеген, барлық халықаралық стандарттарға сәйкес сертификацияланған. Вакцинация тегін жүргізіледі.

Екпе келесі санаттағы азаматтарға ұсынылады: диспансерлік есепте тұрған балалар, жетім және қамқорлықсыз қалған балалар, әлеуметтік мекемелердің қызметкерлері мен тұрғындары, сондай-ақ эпидемиологиялық тұрғыдан қауіпті топтарға жататын азаматтар. Сонымен қатар жүкті әйелдер, медицина және білім беру саласының қызметкерлері, әскери қызметшілер, созылмалы сырқаттары бар адамдар мен зейнеткерлер де екпені алу тобына кіреді.

Маңыздысы – екпе тұрғылықты мекенжайы бойынша тіркелген емханаларда, алдын ала дәрігердің тексеруінен кейін жүргізіледі. Тұрғындарға екпе алу арқылы өздерін және айналасындағы адамдарды қорғауға үлкен мүмкіндік беріліп отыр.

– Вакцинацияға байланысты тарап жатқан жалған ақпараттар жайында не айтасыз?

– Соңғы жылдары әлеуметтік желілер мен бейресми ақпарат көздерінде вакцинацияға қарсы бағытталған жалған пікірлер жиі таралуда. Мұндай мәліметтер ғылыми дәлелдерге сүйенбейді, тек қорқыныш пен сенімсіздікке негізделген. Өкінішке қарай, кейбір адамдар осы пікірлерге сеніп, екпеден бас тартып жатады. Алайда оның салдары – тек жеке адамға емес, бүкіл қоғамға зиян.

Медицина нақты деректер мен дәлелдерге негізделеді. Вакциналардың қауіпсіздігі бірнеше деңгейлі зертханалық сынақтар мен бақылаудан өтеді. Әлемнің жетекші ғылыми орталықтары екпенің тиімділігі мен қауіпсіздігін бірнеше рет растаған. Қазақстанда қолда-

нылатын вакциналар Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының талаптарына толық сәйкес келеді және тексеруден кейін ғана қолданысқа енгізіледі.

Сондықтан екпе туралы шынайы ақпаратты тек ресми медициналық мекемелерден, дәрігерлерден немесе мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының ресми сайттарынан алу қажет. Кез келген күмән туған жағдайда мамандармен кеңесіп, дұрыс шешім қабылдаған жөн. Қауіпсіздік сеніп, вакцинадан бас тарту – адамның өзі мен жақындарын қауіпке итермелеуімен тең.

“

Вакцинация жеке адамды ғана емес, бүкіл ұжымды қорғайтын жүйе ретінде қарастырылады. Егер халықтың басым бөлігі егілсе, ұжымдық иммунитет қалыптасады. Бұл инфекцияның таралуына жол бермейді, әсіресе денсаулығы осал топтар – нәрестелер, қарттар, иммунитеті әлсіреген жандар үшін өте маңызды. Сондықтан вакцина салдыру – әр адамның қоғам алдындағы азаматтық жауапкершілігі.

– Ата-аналарға қандай кеңес берер едіңіз?

– Әр ата-ана үшін баласының денсаулығы бәрінен маңызды. Жаңа туған сәбидің имундық жүйесі әлсіз болғандықтан, инфекцияларға қарсы тұру қабілеті де төмен болады. Вакцина – баланы қауіпті аурулардан қорғауға бағытталған маңызды қорғаныс тетігі. Жас ерекшеліктеріне қарай жасалған екпе кестесі ғылыми тұрғыдан дәлелденген және баланың ағзасына тиімді әсер береді.

Егер екпе дер кезінде жүргізілмесе, бала көптеген қауіпті инфекцияларға қарсы әлсіз күйде қалады. Бұл тек жеке денсаулыққа емес, баланың оқитын тобына, сыныбына да қауіп төндіреді. Мектепке дейінгі мекемелер мен білім беру ұйымдарында ұжымдық иммунитеттің болмауы – аурудың таралуын жеңілдетеді. Сондықтан ата-аналар


дәрігерлермен тығыз байланыста болып, жоспарлы екпелерді уақытылы алуға көңіл бөлуі тиіс. Баланың болашағы – ата-ананың бүгінгі таңдаған шешіміне байланысты. Екпе алу арқылы ата-аналар өз баласын өмір бойы қорғайтын қалқан қалыптастыра алады. Осындай жауапкершілік әрбір отбасына тән болуы тиіс.

Халықтың денсаулығы – ел болашағының тірегі. Вакцинация – тек жеке тұлғаның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шара ғана емес, бүкіл ұлттың имундық қалқанын құрайтын қоғамдық механизм. Жұқпалы аурулардың алдын алуда екпенің атқаратын рөлі орасан зор. Сондықтан кез келген азамат профилактикалық шараларға бейжай қарамауы тиіс.

Қыркүйек айында басталатын тұмауға қарсы вакцинация науқанына белсенді қатысу – әр адамның қоғамдық жауапкершілігінің көрінісі. Әсіресе созылмалы аурулары бар адамдар, қарт кісілер және жүкті әйелдер секілді осал топтар үшін маусымдық инфекциялар аса қауіпті. Сол себепті вакцина алу арқылы олардың да қауіпсіздігін қамтамасыз етуге болады.

Медицина саласы күн санап дамып келеді, алайда жұқпалы аурулардан толықтай арылу мүмкін емес. Тек алдын алу шаралары мен екпелер арқылы ғана аурудың таралуын шектеуге болады. Әр адам өз денсаулығына жауапкершілікпен қарап, қоғам үшін пайдалы шешім қабылдаса, ел ішінде қауіпсіз әрі сау орта қалыптасары анық.

– Дәурен Айтмұрзаұлы, денсаулық сақтау саласындағы маңызды мәселелерге қатысты сауатты әрі жан-жақты жауап бергеніңіз үшін алғыс айтамыз. Вакцинацияның мәні мен қоғам алдындағы жауапкершілік жайлы айтылған ойлардың әрбір азаматты терең ойландыратыны сөзсіз. Саналы ұлт пен дені сау ұрпақ тәрбиелеу жолында атқарылып жатқан қажырлы еңбегіңізге ризашылық білдіреміз. Қоғамдық денсаулықты сақтау ісінде табыс, ал Сізге және әріптестеріңізге мықты денсаулық, сарқылмас жігер тілейміз.




ЖАС ҚЫЛҚАЛАМ ШЕБЕРІ

ӨНЕР – ЖАСТАН

Жас суретші Илияс Аман – Қосшы қаласы Тайтөбе ауылының 11-сынып оқушысы. Сәби кезінен сурет салуға бейім жасөспірім болашақта суретші мамандығын игеруді армандайды. Шетел әдебиетін оқығанды ұнатады.

Кітаптардағы иллюстрацияларды тамашалауды, көрмелерді аралауды жақсы көреді. Көптеген жасөспірім секілді ол да «Аниме» стилінде суреттер салады. Алайда, жас суретшінің өсіп-дамуы бір орында тұрмай, әртүрлі

әдеби персонаждарды салуға көшті. Бұған дейін Льюис Кэрроллдің «Алиса в стране чудес» кітабының иллюстрациясын көшірмелесе, қазір Е.Сидоркиннің өнер туындыларын көшірумен айналысуда.



ҰЛТТЫҚ КОД

ҚОСШЫДАҒЫ ҚОС ШАРА: ТІЛ МӘРТЕБЕСІН АСҚАҚТАТҚАН КҮН



(Басы 1-бетте)

Бұл жолғы жалпықазақстандық ашық диктанттың мазмұны ел тарихында айрықша орны бар белгілі тұлғалардың, қоғам және мемлекет қайраткерлерінің, мәдениет пен әдебиет өкілдерінің өмірі мен еңбегіне арналды. Оның ішінде диктантты Қосшы қаласы мен Тайтөбе ауылының тұрғындары ұлы ақын, ғұлама ойшыл Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына орай, «Ұлы Абай туралы қызықты 10 дерек» тақырыбында жазды.

Қосшы қаласының әкімдігіне қарасты «Тілдерді оқыту орталығы» КММ өкілдерінің айтуынша, бұл дәстүр жұртшылықты елге еңбегі сіңген қайраткерлердің мұрасын дәріптеп, тарихи және рухани құндылықтарды терең тануға жетелейді.

Жалпы алғанда, диктант еліміздің барлық өңірінде Астана уақытымен сағат 11:00-де басталған болатын.

Сонымен қатар, дәл осы күні жергілікті

тұрғындар арасында «Тілге құрмет – өзіңе құрмет!» акциясы ұйымдастырылды. Акция аясында қала көшелеріндегі автокөліктерге тілге қатысты нақыл сөздер жапсырылды.

Әрине, бұл дегеніңіз – мемлекеттік тілге сүйіспеншілік пен қазақ ұлтына көрсетілген құрметтің бір белгісі. Сондықтан автокөліктерге жапсырма жапсыру кезінде көлік иелері «Тілдерді оқыту орталығы» КММ мамандарына алғыс білдіріп, акцияға белсене қатысты.

Тілге құрмет – адамның өз ана тіліне, мемлекеттік тілге және жалпы кез келген ұлт тілдеріне сыйластықпен қарауы. Себебі тіл – әр адамның болмысы, ұлттық коды. Онсыз халықтың тұтас тарихы мен мәдениеті жойылады. Ал Заң бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тіліне ресми деңгейде басымдық беріледі. Қосшы қаласының әкімдігі осы жағына да баса назар аударып отыр.

Еркеғали БОЛАТҰЛЫ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК СЕРТИФИКАТЫ ЦИФРЛАНДЫРУҒА ЕНГІЗІЛДІ

(Басы 1-бетте)

Яғни, әкімшілік рәсім толығымен жасырын мемлекеттік көрсетілетін қызмет ұғымының өлшемшарттарына сәйкес келеді.

Сол себепті департамент аталған функцияны мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне енгізу туралы ұсыныс жолдады. Аталған ұсыныс жоғары тұрған мемлекеттік органның қолдауын тауып, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2025 жылғы 6 мамырдағы №203/НҚ бұйрығымен «Теміржол көлігі

саласында қауіпсіздік сертификатын беру» функциясы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне енгізілді.

Бұл шара қауіпсіздік сертификатын алуға міндетті кәсіпкерлердің құқығын қорғауға, олардың мүддесінің бұзылуын болдырмауға, қызмет көрсету мерзімдерін нақты белгілеуге, рәсімдерді барынша жетілдіруге, цифрландыруға және әкімшілік кедергілерді жоюға ықпал етеді деп есептейміз.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер басқармасының ақпараты

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІ АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ 2025 ЖЫЛДЫҢ І ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ

2025 жылдың І жартыжылдығы бойынша департамент 47 аудиторлық іс-шара жүргізді. Соның нәтижесінде қаржылық есептілік аудитін және мемлекеттік сатып алуларды есепке ала отырып, жалпы сомасы 10 млрд 077 млн теңге болатын бұзушылықтар анықталды, оның ішінде:

- 1 млрд 832 млн теңге сомасында қаржылық бұзушылықтар;
- 6 млрд 711 млн теңге сомасында рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу – 1 млрд 534 млн теңгеге.

Бюджет заңнамасының талаптарына сәйкес белгіленген қаржылық бұзушылықтар

дың жалпы сомасынан 1 млрд 832 млн теңге қалпына келтіруге, есепке алуға және бюджетке өтеуге жатады, оның ішінде 1 млрд 329 млн теңге немесе 72,5% соммасында бұзушылықтар жойылды.

Есептік кезеңдегі аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша тексерілетін субъектілерге бұзушылықтарды жою бойынша 38 нұсқау жолданды (бүгінде олардың 23-і орындалды).

Жол берілген бұзушылықтар үшін 26 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды, әкімшілік құқықбұзушылық туралы 290 хаттама жасалып, жалпы сомасы 24 млн теңге айыппұл салынды, бюджетке 22 млн теңге немесе 91,7% өтелді.

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА КОСШЫ И СЕЛА ТАЙТОБЕ!


В соответствии с решением маслихата города Косшы от 29 декабря 2023 года № 85/19-8 «Об утверждении Правил оказания социальной помощи, установления ее размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан города Косшы» лицам, постоянно зарегистрированным и проживающим на территории города Косшы, имеющим социально значимые заболевания связанные со злокачественными новообразованиями, инфицированным вирусом иммунодефицита человека (ВИЧ) и туберкулез за счет средств городского бюджета предусмотрена единовременная и периодическая социальная помощь.

Лицам со злокачественными новообразованиями (онкология) и инфицированным

ВИЧ в год один раз производится денежная выплата в размере 25 МРП.

Лицам с заболеванием туберкулез производится выплата в размере 5 МРП в течение шести месяцев.

Для получения данной социальной помощи граждане могут обратиться в ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Косшы», находящееся по адресу: город Косшы, улица Республики, 46, с подтверждающей справкой, выданной медицинским учреждением и банковскими реквизитами.



Jana
Bastau

Меншік иесі –
«Bastau Media» ЖШС

Директор –
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ

Бас редактор
Дәулет АСАУ

Бас редактордың орынбасары,
веб-редактор
Еркеғали БЕЙСЕНОВ

ЖУРНАЛИСТЕР:
Жанар АХМЕТОВА,
Аяжан ЕРБОЛ

ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ

Дизайнер-беттеуші

Ербол ҚАНАТҰЛЫ

Корректор

Ерік ЕЛЕУСІЗ

Немірдің кезекшісі

Жанар АХМЕТОВА

- Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС, Сілеті көшесі 30, тел: 8(7172) 99 77 77
- Таралымы 1 500

Бағасы келісім бойынша

- Газет аптасына 1 рет (әр аптаның сенбі күні) шығады.
- Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Әдеби қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.
- Ұсынылған материалдардың дұрыстығына редакция жауап бермейді.
- Редакциямен келіспей, қайта басуға тыйым салынады.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

- Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 18.01.2024 ж. тіркеліп, № KZ07VPY00085845 күәлігі берілген.
- Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022, KZ40VPY00045578

Редакция мекенжайы:
Қосшы қаласы,
Республика даңғылы, 46

Байланыс телефоны:
тел.: +7 (701) 709-88-82

Газет «Jana Bastau» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

janabastau2022@gmail.com
www.janabastau.kz